



## **Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 449-V ҚРЗ

1960 жылғы 14 желтоқсанда Парижде Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас конференциясының 11-сессиясында қабылданған Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция ратификациялансын.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Президенті*

*Н.Назарбаев*

### **Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция**

1960 жылғы 14 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымының Бас конференциясы он бірінші сессиясында қабылдаған.

Парижде он бірінші сессияға жиналған және 1960 жылғы 14 қараша мен 15 желтоқсан аралығында отырыс өткізген Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымының Бас конференциясы,

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы кемсітушілікке жол бермеу қағидатын бекітетінін және әрбір адамның білім алуға құқығын жариялайтынын еске сала отырып,

білім беру саласындағы кемсітушілік осы декларацияда жазылған құқықтарды бұзу болып табылатынын назарға ала отырып,

тиісінше, Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы өзінің Жарғысына орай адам құқықтарының жаппай сақталуын және барлығының білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ұлттар арасындағы ынтымақтастықты орнатуға ұмтылатынын назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша жекелеген елдерде қабылданған білім беру жүйесінің әр алуандығын негізге ала отырып, білім беру саласындағы кез келген кемсітушілікті жойып қана қоймай, сондай-ақ жалпыға бірдей мүмкіндіктер теңдігін және осы саладағы барлығына бірдей қарым-қатынасты көтермелеуге тиіс екенін мойындай отырып,

білім беру саласындағы кемсітушіліктің әртүрлі аспектілеріне, яғни сессия күн тәртібінің 17.1.4-тармағына енгізілген мәселеге қатысты ұсыныстарды ала отырып,

оныншы сессияда қабылданған, бұл мәселе халықаралық конвенцияның, сондай-ақ мүше мемлекеттерге ұсынымдардың нысанасы болып табылатыны туралы шешімді назарға ала отырып, 1960 жылғы он төртінші желтоқсанда осы Конвенцияны қабылдайды.

#### **1-бап**

1. Осы Конвенциядағы «кемсітушілік» сөзі нәсілі, түр-түсіне, жынысы, тілі, діні, саяси немесе өзге де нанымдары, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, экономикалық жағдайы немесе туу белгілері бойынша кез келген айырмашылықты, жоққа шығаруды, шектеуді немесе артықшылық беруді қамтиды, оның мақсаты немесе салдары, атап айтқанда:

a) қандай да бір адам немесе адамдар тобы үшін білімнің кез келген сатысына немесе түріне қолжетімділікті жабу;

b) қандай да бір адам немесе адамдар тобы тап болатын адамның қадір-қасиетімен үйлеспейтін жағдай үшін білім алуы білім беру деңгейінің төмендігімен шектеу;

c) осы Конвенцияның 2-бабының ережесінде көзделген жағдайлардан басқа, қандай да бір адам немесе адамдар тобы үшін жеке білім беру жүйелерін немесе оқу орындарын құру немесе сақтау; немесе

d) қандай да бір адам немесе адамдар тобы тап болатын, адамның қадір-қасиетімен үйлеспейтін жағдай білім беру саласындағы қарым-қатынас теңдігін жою немесе бұзу болып табылады.

2. Осы Конвенциядағы «білім беру» сөзі білім берудің барлық түрлері мен сатыларына қатысты және білім алуға қолжетімділікті, оқыту деңгейі мен сапасын, сондай-ақ ол жүргізілетін жағдайларды қамтиды.

#### **2-бап**

Мынадай ережелер, егер олар жекелеген мемлекеттерде:

a) әр түрлі жыныстағы оқушылар үшін жеке білім беру жүйелерін немесе оқу орындарын, бұл жүйелер немесе оқу орындары білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз еткен, олардың оқытушылар құрамының біліктілігі бірдей болған, оларда тең сапалы үй-жайлар мен жабдықтар болған және бірдей бағдарламалар бойынша оқудан өтуге мүмкіндік берген жағдайларда құруға немесе сақтауға;

b) діни немесе тілдік сипаттағы себептер бойынша жеке білім беру жүйелерін немесе оқушылардың ата-аналарының немесе заңды қорғаншыларының таңдауына сай білім беретін оқу орындарын, бұл жүйелерге қосылу немесе осы оқу орындарына түсу ерікті болып табылған жағдайларда және егер олар беретін білім құзыретті білім беру органдары ұйғарған немесе бекіткен, атап айтқанда, нақ сол бір сатыдағы білім беруге қатысты нормаларға сәйкес келсе, құру немесе сақтауға;

с) жеке меншік оқу орындарын, олардың мақсаты қандай да бір топты шеттету емес, олардың қызметі шын мәнінде жоғарыда көрсетілген мақсатқа жауап берген және олар беретін білім құзыретті білім беру органдары ұйғарған немесе бекіткен, атап айтқанда, нақ сол бір сатыдағы білім беруге қатысты нормаларға сәйкес келген кезде, мемлекет ұсынатын білім беру мүмкіндіктерін толықтыру ғана болып табылатын жағдайларда, құруға немесе сақтауға жол берсе, осы Конвенцияның 1-бабы тұрғысынан кемсітушілік ретінде қарастырылмайды.

### **3-бап**

Осы Конвенцияда берілген анықтама аясына кіретін кемсітушілікті жою немесе алдын алу мақсатында, соңғысының тараптары болып табылатын мемлекеттер:

а) білім беру саласындағы кемсітушілік сипатындағы барлық заңнамалық қаулылар мен әкімшілік өкімдердің күшін жоюға және әкімшілік практиканы тоқтатуға;

б) қажет болса, оқушыларды, оқу орындарына қабылдаған кезде кез келген кемсітушілікті жою үшін заңнамалық тәртіппен қажетті шаралар қабылдауға;

с) оқу ақысына, стипендия беруге және оқушыларға кез келген басқа да көмек көрсетуге, сондай-ақ шетелде білім алуды жалғастыру үшін қажет болуы мүмкін рұқсаттар мен жеңілдіктерге қатысты, осы елдің оқушы азаматтарына қатысты олардың жетістіктеріне немесе қажеттіліктеріне негізделген ерекшеліктерден басқа, мемлекеттік органдар тарапынан ешқандай ерекшелік көрсетуге жол бермеуге;

д) мемлекеттік органдар оқу орындарына белгілі бір көмек түрлерін ұсынған жағдайларда, тек қана білім алушылардың қандай да бір белгілі топқа жататындығына негізделген ешбір артықшылықтарға немесе шектеулерге жол бермеуге;

е) өздерінің аумағында тұрып жатқан шетел азаматтары өз азаматтарына сияқты дәл сондай білім алуға қолжетімділікті ұсынуға міндеттенеді.

### **4-бап**

Осы Конвенцияның тараптары болып табылатын мемлекеттер, бұдан басқа, білім беру саласындағы мүмкіндіктер мен қарым-қатынастар теңдігін жүзеге асыру үшін ұлттық жағдайлар мен салт-дәстүрлерге сәйкес келетін әдістерді пайдаланатын жалпы мемлекеттік саясатты әзірлеуге, дамытуға және жүргізуге және атап айтқанда:

а) бастауыш білім беруді міндетті және тегін етуге; орта білім беруді оның түрлі нысандарында жалпыға бірдей игілік етуге және оның жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз етуге; жоғары білім беруді толық теңдік негізінде

және әркімнің қабілеттеріне байланысты барлығына қолжетімді етуге; заңмен көзделген оқу міндеттілігінің сақталуын қамтамасыз етуге;

б) тең сатыдағы барлық мемлекеттік оқу орындарында бірдей білім беру деңгейі мен оқыту сапасына қатысты тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

с) бастауыш білім алмаған немесе оны аяқтамаған адамдарды және әркімнің қабілеттеріне сәйкес олардың білім алуды жалғастыруын білім берудің лайықты әдістерімен көтермелеуге және дамытуға;

д) оқытушы кәсібіне даярлықты кемсітушіліксіз қамтамасыз етуге міндеттенеді.

#### **5-бап**

1. Осы Конвенцияның тараптары болып табылатын мемлекеттер:

а) білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын барынша құрметтеуге бағытталуға тиіс; ол барлық халықтар мен барлық нәсілдік немесе діни топтар арасындағы өзара түсіністікке, төзімділік пен достыққа, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау жөніндегі қызметін дамытуға жәрдемдесуге тиіс;

б) ата-аналардың және тиісті жағдайларда заңды қорғаншылардың, біріншіден, әрбір мемлекеттің заңнамасында айқындалған шеңберде өз балаларын мемлекеттік емес, құзыретті білім беру органдары ұйғарған немесе бекіткен ең төменгі талаптарға жауап беретін басқа да оқу орындарына еркін жіберуге және екіншіден, өздерінің нанымдарына сәйкес балаларға діни және моральдық тәрбие беруді қамтамасыз етуге мүмкіндіктері болуға тиіс;

ешкімге жеке түрде және тұтастай алғанда, ешбір адамдар тобына өздерінің нанымдарына үйлеспейтін діни тәрбие күштеп таңылмауға тиіс;

с) ұлттық азшылыққа жататын адамдардың мектептерді басқаруды қоса алғанда, жеке ағартушылық жұмысын жүргізу және әрбір мемлекеттің білім беру саласындағы саясатына сәйкес өздерінің тілдерін пайдалану немесе оқыту құқықтарын таныған жөн, алайда:

(i) бұл құқықтың жүзеге асырылуы азшылыққа жататын адамдарға бүкіл ұжымның мәдениеті мен тілін түсінуге және оның қызметіне қатысуға кедергі келтірмейді және ол мемлекеттің егемендігіне нұқсан келтірмейді;

(ii) осындай мектептердегі білім беру деңгейі құзыретті органдар ұйғарған немесе бекіткен жалпы деңгейден төмен емес; және

(iii) осындай мектептерге бару факультативті болып табылады деп есептейді.

2. Осы Конвенцияның тараптары болып табылатын мемлекеттер осы баптың 1-тармағында жазылған қағидаттардың қолданылуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.

#### **6-бап**

Осы Конвенцияны қолдану кезінде оның тараптары болып табылатын мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас конференциясының білім беру саласындағы кемсітушіліктің түрлі аспектілерімен күресу шараларын және осы саладағы мүмкіндіктер мен қарым-қатынастар теңдігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындау мақсатында қабылдауы мүмкін ұсынымдарды мейілінше ескеруге міндеттенеді.

#### **7-бап**

Осы Конвенцияның тараптары болып табылатын мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымының Бас конференциясына Конференция белгілейтін мерзімдер мен нысанда өздері ұсынатын мерзімді баяндамаларында осы Конвенцияны жүзеге асыру үшін өздері қабылдаған заңнамалық, әкімшілік және өзге де шаралар туралы, атап айтқанда, 4-бапта аталған жалпы мемлекеттік саясатты әзірлеу және дамыту туралы, қол жеткізілген нәтижелер мен осы саясатты іске асыруда кездескен кедергілер туралы хабарлауға тиіс.

#### **8-бап**

Егер осы Конвенцияның тараптары болып табылатын екі немесе бірнеше мемлекет арасында оны түсіндіру немесе қолдану туралы мәселе жөнінде келіспеушіліктер туындаса және егер, бұл келіспеушіліктер келіссөздер арқылы реттелмейтін болса, олар тараптардың өтініші бойынша, келіспеушіліктерді реттеудің басқа құралдары болмаған жағдайда, шешім қабылдау үшін Халықаралық сотқа берілетін болады.

#### **9-бап**

Осы Конвенцияға ешқандай ескертпелерге жол берілмейді.

#### **10-бап**

Осы Конвенция екі немесе бірнеше мемлекет арасында жасасылған келісімдерге орай жекелеген адамдар немесе топтар пайдалана алатын құқықтарға, бұл құқықтар Конвенцияның әрпіне немесе рухына қайшы келмеген жағдайда нұқсан келтірмейді.

#### **11-бап**

Осы Конвенция ағылшын, испан, орыс және француз тілдерінде жасалды, әрі төрт мәтіннің де күші бірдей.

#### **12-бап**

1. Осы Конвенция білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің өз конституцияларында көзделген тәртіппен ратификациялауға немесе қабылдауға жатады.

2. Ратификациялық грамоталар немесе қабылдау туралы актілер Біріккен

Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас директорына сақтауға тапсырылады.

**13-бап**

1. Осы Конвенцияға Атқарушы кеңестен оған қосылуға шақыру алған, білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болмаған кез келген мемлекет қосыла алады.

2. Қосылу Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас директорына қосылу туралы актіні сақтауға тапсыру арқылы жүргізіледі.

**14-бап**

Осы Конвенция өздерінің ратификациялау, қабылдау немесе қосылу туралы актілерін көрсетілген күні немесе одан бұрын сақтауға тапсырған мемлекеттерге ғана қатысты үшінші ратификациялық грамота немесе қабылдау немесе қосылу туралы акті сақтауға тапсырылған күннен бастап үш ай өткен соң күшіне енеді. Кез келген басқа мемлекетке қатысты Конвенция өзінің ратификациялау, қабылдау немесе қосылу туралы актісін сақтауға тапсырғаннан кейін үш ай өткен соң күшіне енеді.

**15-бап**

Осы Конвенцияның тараптары болып табылатын мемлекеттер оның күші тек өздерінің метрополиясының аумағына ғана емес, сондай-ақ сыртқы қатынастарына олар жауапты болатын барлық өзін-өзі басқармайтын қамқорлықтағы, колониалдық және басқа аумақтарға да қолданылатынын мойындайды; олар, егер қажет болса, ратификациялау, қабылдау немесе қосылу кезінде немесе одан бұрын Конвенцияның осы аумақтарда жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін көрсетілген аумақтардың үкіметтерімен немесе құзыретті биліктерімен консультациялар өткізуге, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас директорын Конвенция жүзеге асырылатын аумақтар туралы нотификациялауға міндеттенеді. Бұл нотификация оны алғаннан кейін үш ай өткен соң күшіне енеді.

**16-бап**

1. Осы Конвенцияның тарапы болып табылатын әрбір мемлекет өз атынан немесе сыртқы қатынастарына жауапты болып табылатын кез келген аумақтың атынан оның күшін жоя алады.

2. Күшін жою Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас директорына тапсырылатын жазбаша актімен нотификацияланады.

3. Күшін жою күшін жою туралы актіні алғаннан кейін он екі ай өткен соң күшін жою күшіне енеді.

#### 17-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас директоры Ұйымға мүше мемлекеттерге, 13-бапта аталған, Ұйымға мүше емес мемлекеттерге, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымына 12 және 13-баптарда аталған ратификациялау, қабылдау немесе қосылу туралы барлық актілердің сақтауға тапсырылғаны туралы, сондай-ақ 15 және 16-баптарда көрсетілген нотификациялар және күшін жоюлар туралы хабарлайды.

#### 18-бап

1. Осы Конвенцияны Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас конференциясы қайта қарай алады. Алайда, оның қайта қаралған мәтіні қайта қаралған Конвенцияның тараптары болатын мемлекеттерді ғана міндеттейтін болады.

2. Бас конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарау нәтижесінде жаңа Конвенция қабылдаған жағдайда және егер жаңа Конвенция басқа нұсқауларды қамтымайтын болса, осы Конвенция қайта қаралған мәтінді қамтитын жаңа Конвенция күшіне енген күннен бастап ратификациялау, қабылдау немесе қосылу үшін жабық болады.

#### 19-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас директорының өтініші бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелетін болады.

Парижде, 1960 жылғы он бесінші желтоқсанда он бірінші сессияға жиналған Бас конференция Төрағасының және Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас директорының қолы қойылған екі теңтүпнұсқалы данада жасалды; бұл даналар Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мұрағатына сақтауға тапсырылатын болады және олардың тиісті түрде куәландырылған көшірмелері 12 және 13-баптарда көрсетілген барлық мемлекеттерге, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымына жолданатын болады.

Жоғарыда келтірілген мәтін Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас конференциясы Парижде өткен және 1960 жылғы он бесінші желтоқсанда аяқталған он бірінші сессиясында тиісті түрде қабылдаған Конвенцияның төлнұсқа мәтіні болып табылады.

Осыны куәландыру үшін 1960 жылғы он бесінші желтоқсанда осы Конвенцияға қол қойылды.

1960 жылғы 14 желтоқсанда Парижде өткен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Конференциясының он бірінші

сессиясында қабылданған Білім саласындағы кемсітумен күресу жөніндегі конвенцияның куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>
<i>Сыртқы</i>	<i>істер</i>
<i>Халықаралық</i>	<i>құқық</i>
<i>Директорының орынбасары</i>	<i>А. Исетов</i>
	<i>департаменті</i>

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

**Бұдан әрі Конвенцияның ағылшын, испан және француз тілдеріндегі мәтіні берілген.**